

Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен автомобиль көлігі құралдарының жүруін мемлекеттік бақылауды тәртіпке келтіру туралы мәселені қарау жөніндегі жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2001 жылғы 6 қараша N 89-ө

1. Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен автомобиль көлігі

құралдарының жүруін мемлекеттік бақылауды тәртіпке келтіру мәселелері жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу мақсатында мына құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Котлов - Қазақстан Республикасының
Андрей Николаевич Әділет вице-министрі, жетекші

Жұмабаев - Қазақстан Республикасының
Бейбіт Теңелұлы Мемлекеттік кіріс министрлігі
Кеден комитеті төрағасының
орынбасары, жетекшінің орынбасары

Зверьков - Қазақстан Республикасының Көлік және
Вадим Павлович коммуникациялар вице-министрі,
жетекшінің орынбасары

Еркінбаев - Қазақстан Республикасының
Сейілбек Өмірбекұлы Көлік және коммуникациялар
министрлігі Көліктік бақылау
комитеті төрағасының орынбасары

Жұмаділов - Қазақстан Республикасының
Ерлан Советұлы Ішкі істер министрлігі Жол полициясы
комитеті төрағасының орынбасары

Шығанбаев - Қазақстан Республикасының
Ерғали Әбдімомынұлы Мемлекеттік кіріс министрлігі
Кеден комитетінің Кеден режимдерін
бақылауды және кедендік ресімдерді
ұйымдастыру бас басқармасының бастығы

Құсбеков - Қазақстан Республикасының Бас
Азамат Зұлхарнайұлы Прокуратурасының Мемлекеттік органдар
қызметінің заңдылығын қадағалау жөніндегі
департаменті бөлімінің аға прокуроры
(келісім бойынша)

Қадіркеев - Қазақстан Республикасы Табиғи
Наурызбай ресурстар және қоршаған ортаны қорғау
министрлігінің Бас мемлекеттік инспекциясы
департаменті Қоршаған ортаны қорғау
басқармасының бастығы

Шынтеміров - Қазақстан Республикасы Ішкі істер
Көбеген Иманқанұлы министрлігі Жол полициясы комитеті
Жол-патрульдік қызмет басқармасы
бастығының орынбасары

Бұтаев - Қазақстан Республикасы Ауыл
Құдайберді Мырзаханұлы шаруашылығы министрлігі
Өсімдік қорғау және карантин
департаменті карантиндік бақылау
бөлімінің бастығы

Қосжанов - Қазақстан Республикасы Ауыл
Байсапа Мұстафаұлы шаруашылығы министрлігі
Ветеринарлық қадағалау департаменті
шекарадағы және көліктегі мемлекеттік
ветеринарлық инспекция бөлімінің бастығы

Бейсембаева - Қазақстан Республикасы Әділет
Диана Орынбайқызы министрлігінің Заң департаменті
заңи кесімдер сараптамасы бөлімінің
бас маманы

2. Жұмыс тобы:

- 1) елдің автомобиль жолдарында бақылау функцияларын жүзеге асыратын

мемлекеттік органдардың қызметін регламенттейтін бүкіл нормативтік құқықтық базаны зерделесін және қайта қарасын, осы қызмет саласындағы шет елдердің тәжірибесін талдасын және мемлекеттік органдардың бақылау функцияларын одан әрі тәртіпке келтіру және шектеу жөніндегі шараларды

әзірлесін;

2) 2001 жылғы 15 желтоқсанға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен автомобиль көлігі құралдарының жүруін мемлекеттік бақылауды тәртіпке келтірумен байланысты мәселелерді шешу жөніндегі ұсыныстарын енгізсін.

Премьер-Министр

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.